

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

«Ұлттық музыка өнері - балабақшада»

Бекишева Гулмира Мырзабайқызы

Музыка жетекшісі



Төлеби ауданының білім бөлімінің «Озық іс – тәжірибе тарату туралы»
29.03.2024жылы өткізілген аудандық әдістемелік кеңестің №5 хаттамалық
шешімі бойынша баспаға ұсынылды. Бұйрық №101-п. 08.04.2024ж.

Қарлығаш» бөбекжай- бақшасының музыка жетекшісі Бекишева Гүлмира Мырзабайқызының «Ұлттық музыка өнері - балабақшада» тақырыбындағы жинақтаған іс – тәжірибесі мектепке дейінгі бүлдіршіндердің музыкаға қызығушылықтары пен сүйіспеншіліктерін қалыптастыруда және халықтық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыруда қажетті әдістемелік құрал деп санаймын. Бала жасына лайықты түсінікті етіп жазылған. Ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен таныстырып, музыкалық дидактикалық ойындар арқылы ұлттық музыка өнеріне деген қызығушылықтарын оята білген. Ұлттық музыканы, халықтық өнерді жас кезінен сәбилердің санасына сіңіруде аталған еңбектің орны бар деп сенемін.

Бөбекжай – бақша меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева

Музыка жетекшісі Бекишева Гүлмира Мырзабайқызының «Ұлттық музыка өнері - балабақшада» тақырыбындағы әдістемелік құралы мектепке дейінгі ұйымдардың музыкалық жетекшілеріне тәжірибе алмасуға таптырмас құрал. Балаларды ұлттық музыкамен таныстыруда өзінің әдіс – тәсілдерін қолданып, көне ұлттық музыкалық аспаптар туралы мәлімет беріп және аспаптарда ойнаудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздеген. Бекишева Гүлмираның жылдар бойғы еңбегінің жемісі деп санаймын.

Бөбекжай – бақша әдіскері Қ.Н.Тасымбекова

Түсіндірме жазба

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал балабақшаның музыка жетекшілеріне арналады. Ғалым Э.И.Бальгитис: «Баланың музыкалық талғамы оның балауса жас кезінен-ақ өз халқының ән күй өнерінің ықпалымен дамиды» деген. Сондықтан балалардың музыкалық талғамын қазақтың ән-жырларымен байытып, күйлерін тыңдату, үйретуден бастап қалыптастырған жөн. Балаларға қазақтың ұлттық музыкасын бойларына сіңіріп, ұлттық аспаптарды таныстырып, аспаптарда ойната білудің маңызы зор. Қазақтың музыка мұрасы аса бай. Балалардың ұлттық музыкаға қызығушылықтарын арттыру, балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады. Сол

бүлдіршіндерді балабақша кезеңінен бастап ұлттық өнерге баулып, шығармашылығын шыңдап, әншілік, күйшілік қабілетін қалыптастыру музыка жетекшісінің басты міндеті.

Мен өзімнің жұмыс барысымда балаларды қазақтың атақты күйші, әншілерінің шығармаларын таныстырып, тыңдатып, қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын танытып, үнін тыңдатып, аспаптарда жеңіл әуендерді ойнауға үйретемін.

Бала кезінен қазақтың күйін, әнін, жыр-термелерін тыңдап, ұлттық өнермен сусындап өскен бүлдіршін болашақта өзінің елін сүйетін, дәстүрін, өнерін, мәдениетін сыйлайтын азамат болып өсетініне сенемін.

**«Ұлттық музыка өнері - балабақшада» тақырыбындағы
музыка іс - әрекетінің тақырыптық жоспары**

Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
Киелі аспап-қобыз	Балаларды қобыз аспабымен таныстыру. Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Әнді ширақ, жеңіл дауыспен орындау.	1
Домбыра аспабы	Балаларды қазақтың ұлттық аспабы домбырамен таныстыру. Аспапқа қызығушылығын арттыру. Оның құрылысымен таныстыру.	1
Оркестрде ойнаймыз	Балаларға музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. Бірнеше музыкалық аспапта ырғақпен қосыла ойнауды меңгерту.	1
Әуезді сазсырнай	Балаларды сазсырнай аспабымен таныстыру. Сазсырнай аспабының үнін тыңдатып, ажырата білуге үйрету. Музыкаға баланың қызығушылығын арттыру.	1
Жетіген аспабы	Балаларды жетіген аспабымен таныстыру. Ұлттық аспаптық музыкаға деген ынтасын арттыру. Әнді әуезді, қимыл-қозғалыстарды ырғаққа сай орындау.	1

Өнер көзі халықта	Балалардың музыкаға қызығушылығын дамыту.Музыкалық шығармашылыққа қабілеттерін ұштауға баулу.	1
Әуенді сандықша	Әннің сипатын қабылдау.Әуенге сәйкес би жанрларын ажырата білуге баулу.Аспаптарда ырғақты сезіне ойнау.	1
Кел билейік	Баланың музыкалық қабілеттерін жетілдіру.Ән айтуға дағдыландырып, әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.	1
Музыка әлеміне саяхат	Балалардың музыкалық қызығушылығын дамыту.Әуенді тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын,музыканы қабылдау деңгейін дамыту.	1
Күйші Қорқыт	Балаларды ұлттық музыкаға баулу.Күйші Қорқыттың шығармашылығымен таныстыру	1
Айтыс өнері	Балаларға айтыс өнері жайында түсінік беру.Айтыс түрлерімен таныстыру.Өнерге баланың қызығушылығын арттыру.	1
Күй атасы-Құрманғазы	Балалардың күй өнеріне қызықтыру.Күйші Құрманғазының өмірі және шығармашылығымен таныстыру.	1
Әнші болам өскенде	Баланың ән айту қабілетін дамыту.Әнді сезіммен, ырғаққа сәйкес, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып орындау.	1
Күй анасы-Дина	Баланың күйшілік өнерге қызығушылығын арттыру.Күйші Динаның өмірі мен шығармаларын таныстыру.	1
Өнердегі мамандық иелері	Балаларды өнердегі мамандық иелерімен таныстырып, олардың жан-жақты музыкалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту.Музыканы қабылдауға,ән салуға, аспаптарды үнінен ажыратуға үйрету.	1
Ән- көңілдің ажары	Балалардың өнерге ынтасын арттыру.Қазақ халқының ән-би, күйлерін	1

Музыка ұйымдастырылған іс - әрекетінің жоспары

№1

Ұйымдастырылған музыка іс- әрекеті

Тақырыбы: Киелі аспап-қобыз

Мақсаты:Балаларды қобыз аспабымен таныстыру.Қазақ халқының музыкасын қабылдау.Әнді ширақ,жеңіл дауыспен орындау.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер:Қобыз аспабы , ұлттық музыкалық аспаптар, таратпа материалдар,АКТ

Балалар саз бөлмесіне «Балбырауын» күйімен кіріп, күй әуеніне сай қазақ биінің қимылдарын көрсетеді.

Музыка жетекші:- Сәлеметсіздер ме балалар? (до-ре –ми-фа-соль-соль-соль)

Балалар:- Сәлеметсіз бе! (соль-фа-ми-ре-до)

Музыка жетекшісі:Балалар қарандаршы мына ғажайып сандыққа, кәне ашып көрейікші ішінде не бар екен.

Сандық ашылмайды.

Музыка жетекшісі: Балалар кәне бәріміз сиқырлы сөз айтайықшы

Бәрі бірге: Ақ сандығым ашылсын,

Ішінен шашу шашылсын

Музыка жетекшісі: Ой балалар міне керемет сандығымыз да ашылды.

Мұнда сендерге таныс қазақтың ұлттық аспаптары бар екен.

Бірақ мен бұл аспаптарды сендерге жұмбақ жасыру арқылы шығарғым келіп тұр.

Музыка жетекшісі балаларға жұмбақ жасырады

Ұзын мойын ,екі ішек

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсең бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп.

Домбыра

Ел қорғайтын ерлікке

Әуенімен шақырған.

Батылдыққа, елдікке,

Әуенімен шақырған.

Дауылпаз

Тілшікті аспап, қобыздай асқақ.

Ерекше үні бар, бұл қай аспап,

Шаңқобыз

Музыка жетекшісі: Ал, балалар сандықта тағы да ерекше музыкалық ұлттық аспап жатыр.

Бас, құлақ, мойыны бар,

Үп-үлкен шанағы бар.

Әндетіп шығар әні бар,

Бұл аспап, қай аспап.

Балалар: Қобыз аспабы

Музыка жетекшісі қобыз аспабының құрылысына балалардың назарын аудартады



Қобыз-ысқышпен ойналатын, қос ішекті ескі музыкалық аспап. Аспап үш бөліктен тұрады: бас, кеуде, аяқ. Негізгі бөлігі ашық кесе түрінде болады. Аспаптың төменгі бөлігі терімен тартылады. Оған тиек қойылады. Қобызға арналған ішек ат қылынан жасалады.

Қобыз аспабының қалай шыққаны жайлы аңыз, бейнебаян көрсетіледі.

Музыка тыңдау: Қобыз аспабында халық әні «Қара торғайды» тыңдатады
Жетекші балалардан тыңдалған ән жайында сұрақтар қояды.

-Тыңдалған әннің көңіл күйі қандай?

-Көңілді ма көңілсіз бе?

-Қобыз аспабының дауысы ұнады ма?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Дауыс жаттығуы: Музыкалық дыбыстар арқылы жаттығулар жасалады.

Ән айту: «Көңілді балалар әні»

Әні: Б.Дәлденбай

Сөзі:Е. Өтетілеуов

Балалар әнді көппен қосыла ырғағын сезіне орындайды.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Музыкалық аспаптардың дыбысын ажырату»

Ойынның шарты:Ширма артында музыка жетекшісі бірнеше ұлттық музыкалық аспаптарда ойнайды, балалар аспаптарды ажыратады.



Әуенді-ырғақтық қимыл: «Қыз қуу» биінің қимылдарын үйрету.

Әуенмен бірге қимылды үйлестіруге баулу.

Қорытынды:Жетекші музыка іс-әрекетін аяқтап балаларға өткен іс-әрекетке байланысты сұрақтар қойып алған білімдерін «Аспаптарды құрастыру» ойыны арқылы бекітеді.

№2

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы:Домбыра аспабы

Мақсаты:Балаларды қазақтың ұлттық аспабы домбырамен таныстыру.Аспапқа қызығушылығын арттыру.Оның құрылысымен таныстыру.

Көрнекіліктер: Домбыра аспабы және суреті, балаларға арналған аспаптар.

Күтілетін нәтиже:Ырғақты мәнерлі қимылдарды игереді.Домбыра аспабын танып, құрылысын біледі.

I Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар саз бөлмесіне күй әуенімен кіріп, шеңбер бойына келіп тұрады.Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.

Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл- сәл кем бұра.

Нағыз қазақ қазақ емес,

Нағыз қазақ –домбыра.

Балалар біз бүгін қазақ халқының ұлттық аспабы –домбырамен танысамыз



Домбыра-халық даналығы.Домбырадан төгілген күйлер халқымыздың тынысын,табиғаттың ғажайып үнін бейнелейді.Күйлер ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Олай болса біз қазақтың аса көрнекті композиторы, күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының «Адай» күйін тыңдайық.Музыка жетекшісі күйді домбыра аспабында ойнап береді.

Балалар күйді мұқият тыңдап көңіл-күйін, ырғағын ажырата біледі.

Балалар дауыстарына жаттығу жасатады.

«Ән шырқайық»

«Әдемі ән»

Ән айту:

«Домбыра сазы»

Әні:И. Нүсіпбаев

Сөзі:Х. Талғаров

Балаларға композитор туралы мәліметтер береді, шығармашылығымен таныстырады.

Музыка жетекшісі әнді орындап береді.Балалардың ән туралы түсінігін сұрайды.Әннің мәтінін қайталап, әуенімен қосылып айтуды үйренеді.

Әуенді-ырғақтық қимыл:ұлдарға «Көкпар» биінің, қыздарға «Қамажай» биінің элементтері үйретіледі.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Аспаптарды құрастыр»

Шарты: Балалар аспаптардың кесілген бөліктерін дұрыс қойып аспапты құрастырып шығады.



Аспапта ойнау: Балалар оркестрінде халық әні «Еркем ай» әнін орындайды.

Қорытынды:Өтілген музыка іс- әрекеті бойынша балаларға сұрақтар қойылады.

-Балалар біз бүгін қандай музыкалық аспаппен таныстық?

-Қандай күй тыңдадық?

-Әніміздің аты қалай аталады?

-Бүгінгі музыка іс- әрекетінің қай бөлімі ұнады?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Қорытындылау, бағалау.

№3

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы: Оркестрде ойнаймыз

Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. Бірнеше музыкалық аспапта ырғақпен қосыла ойнауды меңгерту.

Көрнекіліктер: Балалар музыкалық аспаптары: домбыра, асатаяқ, сылдырмақ, таратпа материалдар. АКТ

Күтілетін нәтиже:

Балалар аспаптарда ойнай біледі. Аспаптарды танып, құрылысымен танысады.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар саз бөлмесіне көңілді әуен ырғағымен кіреді. Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды.

Музыка жетекшісі балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Барлық аспаптардың қосылып бір мезгілде ойнауын оркестр деп аталатынын түсіндіреді. Дирижердің суретін көрсетіп, атқаратын қызметі туралы ұғындырады.

Музыка тыңдау: «Сарыарқа» күйі

Балаларға күйді «Құрманғазы» оркестрінің орындауында ұнтаспадан тыңдатады.



Дауыс жаттығуы:

«Керней»

Д.Ботбаев

А.Асылбек

Ән үйрену: «Біздің оркестр»

Сөзі:Ә.Асылбек Әні: Ж.Тұрсынбаев

Жетекші әнді балаларға орындап береді. Әнді зейін қойып тыңдатып, не туралы айтылатынын сұрайды.Балаларға әнге қосылып айтуын ұсынады.

Аспапта ойнау:

Кімде қандай аспап бар?

Тұяқтас пен қоңырау.

Асатаяқ, тоқылдақ,

Домбыра , сырнай тағы бар.

Металлофон бастайды,

Сырнайымыз қостайды,

Барлық аспап қосылса

Оркестр деп аталар.

Деп ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып, аспапта ойнап үйретеді.Ән әуеніне ілесе, ырғақты сезіне ойнауға дағдыландырады.

Ойын: «Қандай аспап?»

Әні:Б. Дәлденбай

Сөзі:А.Асылбек

Ойынға сылдырмақ, ысқырық, қоңырау, ұшбұрыш, металлофон аспаптары қолданылады.Әуеннің тембрін дұрыс ажыратуларын сұрайды.

Қорытынды:

-Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?

-Дирижер деген кім?

-Жаңа әннің сипаты, екпіні қандай?Сұрақтар қойып, музыка іс- әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, мадақтайды.

№4

Білім саласы:Шығармашылық

Білім бөлімі:Музыка іс- әрекеті

Тақырыбы: Әуезді сазсырнай

Мақсаты:Балаларды сазсырнай аспабымен таныстыру.Сазсырнай аспабының үнін тыңдатып, ажырата білуге үйрету.Музыкаға баланың қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктер:сазсырнай аспабы, салыстырмалы түрде түрлі музыкалық аспаптардың суреттері.Таратпа материалдар.

Әдіс-тәсілдер:түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Күтілетін нәтиже:Сазсырнай аспабының жасалу жолын біледі. Дыбысын басқа аспаптардан ажырата біледі.Балалар саз бөлмесіне әсем әуенмен кіріп шеңбер бойына тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Жетекші балаларға сазсырнай аспабын көрсетіп таныстырады.



Музыка жетекшісі балаларға жұмбақ жасырады:

Саздан жасалған,

Өрнектеп қашалған.

Сырнайдың үніндей,

Бұлбұлдың біріндей.

Бұл қандай аспап?

Балалар жауабын айтады.

Балалар мұқият таңдана қарайды.

Музыка жетекшісі сазсырнай аспабы туралы балаларға аңыз әңгіме айтып береді:

Ерте, ерте, ертеде баяғы бір заманда Асан деген бала болыпты. Ол күнде өзінің ауылының қойларын бағады екен. Бір күні қойды өзен жағасына жаяды. Сол күні күн ыстық болады. Асан қатты шөлдеп, торсығына құйып алып шыққан суын ішеді. Бір кезде қолынан торсығы түсіп кетеді де суы жерге төгіледі. Ол жердің топырағы сазды екен. Асан жерге отыра қалып су араласқан сазды қолмен ұстап уқалап ұзақ уақыт отырады. Қолы талған соң оны тастың үстіне қойып, кептіреді де қалтасына салады. Сөйтіп отырғанда қойды ауылға апаратын уақыт болады. Қойды ауылға айдап келеді де тамағын ішеді. Ол достарымен өзен жағалауында отырғанда қалтасынан бір нәрсе қолына батқандай болады. Қараса манағы сазбалшық екен. Оны досы Асқар көріп қызығып кетеді.

-Асан мынау не? Өзі қаздың жұмыртқасына ұқсайды екен.

-Өзімде білмеймін. Мана қой бағып жүріп сазды уқалап көріп едім осындай сопақша көлемді болып шықты. Асқар кәне маған көмектесші. Мен бұдан бір ерекше аспап шығарғым келіп отыр.

Асан айтты: -Олай болса оны отқа қыздырайық. Әкемнен көргендерім бар. Ол кейбір аспаптарды отқа қыздырып жасайды. Сонда ол аспап мықты болады дейді.

Сөйтіп екеуі сазды отқа қыздырады. Қыздырып болған соң, әр жерінен тесіктер жасайды. Ол әдемірек болу үшін жиектеріне ою салады. Екеуі түні бойы еңбектеніп таң ата ұйықтап қалады. Таңертең Асқар ұйқыдан тұрып қараса Асан балшықтан жасалған әдемі аспапты үрлеп тартып отыр екен. Әр үрлеген сайын әсем әуендер шығады. Сөйтіп оны барлық ауыл адамдары көріп таңданады. Өзі жасаған туындысына Асан «саздан туған сазсырнай» деген атау береді. Осылайша сазсырнай аспабы дүниеге келген екен.

-Сазсырнайдың үні жағымды, қоңыр әрі жұмсақ болады. Кәне балалар үнін тыңдағыларың келе ма?

Музыка жетекшісі сазсырнайда ойнап көрсетеді.



Үнтаспадан да қазақ халқының әуендерін тыңдатады.

-Балалар кәне енді көңілденіп ән айтайық.

Ән айту: «Балабақша» әні: Б.Бейсенова

Әнді көңілді, ырғақпен орындайды.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнадым?»

Ойынның шарты:Балаларға таныс аспаптарды ширма артында тұрып ойнайды. Балалар аспапты даусынан ажыратып танулары керек.

Аспапта ойнау:Балалар оркестрін құру. Балалар өздеріне ұнаған аспаптарында ойнайды.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ою-өрнек» биінің элементтерін үйрету.

Балалар қимылдарды дұрыс көрсетуге тырысады.

Қорытынды: Жетекші балаларға өтілген музыка іс- әрекетін қорытындылап сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға дұрыс жауап береді.Белсенділік көрсеткен балаларды мақтап, мадақтау.

№5

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы: Жетіген аспабы

Мақсаты:Балаларды жетіген аспабымен таныстыру.Ұлттық аспаптық музыкаға деген ынтасын арттыру.Әнді әуезді,қимыл-қозғалыстарды ырғаққа сай орындау.

Көрнекіліктер:АКТ,жетіген аспабы,таратпа материалдар

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап, түсіндіру, орындау

Күтілетін нәтиже:Қазақтың ұлттық аспаптарының түрлерін біледі.Жетіген аспабының құрылысын біледі.Ән айтқан кезде демді дұрыс ала біледі.

Балалар саз бөлмесіне күй әуенімен кіріп шеңбер бойымен аттың шабысын көрсетіп айнала келіп тұрады.

«Шаттық шеңберін» жасап бір- біріне жылы лебіздерін айтып, көңіл-күйлерін көтереді.

Балалар шеңбер бойымен жүріп экран алдына келіп отырады.Музыка жетекшісі балалардың назарын оркестрге аударады.Балалар музыкалық аспаптардың сиқырлы үнін тыңдайды.

Балалар оркестрдің орындауында «Сарыарқа» күйін тыңдайды.

Музыка жетекшісі:

-Бұл шығармада қандай қазақтың ұлттық аспабының дыбысын естідіңдер?

-Домбыра

-Домбыра аспабында қалай ойнайды?Тағы қандай аспаптармен таныссыңдар?

-Сазсырнай және шаңқобыз.

-Өте жақсы балалар.Ал, енді экрандағы мына аспапқа қараңдаршы.Қалай ойлайсыңдар оның дыбысын қалай шығаруға болады?

-Бұл жетіген аспабы, оның дыбысы домбыра сияқты шерткен кезде шығады.

- Ия дұрыс айтасыңдар.Екі қол саусақтарымен ішектерді шертіп ойнау арқылы дыбыс шығады.

Жетіген аспабында ойнап көрсету.

Жетекші балаларға жетіген аспабының қалай шыққаны жайлы аңыз айтып береді



Жетіген- қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі аспабы. Аспап ағаштан құрастылып жасалады. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар бар. Солардың бірінде: Өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған әуен деседі. Қарияның балалары алыс сапарға аттанып, оралмаған. Әр баласының жағымсыз хабарын естіген сайын қария ішек тартып, қайғылы күйлерін ойнаған. Бізге «Жетіген» деген атау осылай жеткен.

Музыка жетекші балаларды ән айтуға шақырады.

Дауыс жаттығуы: «Қасиетті домбыра», «ха-лэ-лаку-лай-лай» буындарын қолдана отырып бірнеше үндестікте жаттықтыру.

Ән айту: «Қасиетті домбыра» әні Б. Бейсенов әні

Ән жеңіл және көңілді орындалады.

Алдымен сөздерін анық айтуға үйретіп, біртіндеп әуеніне қосылып айтуға дағдыландырады.

Ойын: «Қоңырау»

Ойынның шарты: Шеңбер бойына қоңыраулар қойылған. Балалар музыкамен шеңбермен қоңырауларды айналып жүреді. Музыка тоқтағанда, қоңырауларды қолдарына алып музыкаға ілесіп ойнайды. Ал, қоңырау жетпеген балалар ортаға шығып, би қимылдарын қолданып өнер көрсетеді.

1. Балалар екі қатарға бөлініп тұрады. Музыкамен бірінші оң жақтағы балалар, содан кейін сол жақтағы балалар шығады.

2. Ортаға шығып оң жаққа екі рет шапалақ, сол жаққа екі рет шапалақ ұрады.

3. Екі-екіден бөлініп айналады.

4. Барлығы қосылып, шеңбермен айналып жеңіл жүгіреді.

5. Ұлдар шеңбер бойымен бір тізелерін бүгіп отырып, шапалақ ұрады, қыздар ортаға шығып, қолдарын көтеріп, қол білезіктерін айналдырып қимылдар жасайды.

Қорытынды: Жетекші музыка іс-әрекетін қорытындылап, балаларға өтілген тақырып бойынша сұрақтар қойып балалардың алған білімдерін бекітеді.

№6

Білім саласы:Шығармашылық

Білім бөлімі:Музыка іс- әрекеті

Тақырыбы:Өнер көзі халықта

Мақсаты: Балалардың музыкаға қызығушылығын дамыту.Музыкалық шығармашылыққа қабілеттерін ұштауға баулу.

Көрнекіліктер:АКТ, музыкалық аспаптар, таратпа материалдар.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Күтілетін нәтиже: ұрмалы, соқпалы, ыспалы аспаптардың үндестігін тыңдап, бірігіп ойнауды меңгереді.

Музыка жетекшісі музыка іс-әрекетін бастамас бұрын балалардың көңіл-күйлерін көтеріп билетіп алады.

Аяқпенен топ-топ-топ

Алақанды соқ-соқ-соқ

Бір оңға, бір солға,

Айналайық кел мұнда.

Қолымызды бір сілтеп,

Басымызды шайқайық.

Бір оңға, бір солға,

Ойнайықшы кел мұнда.

-Балалар музыка дегеніміз не?

-Әуен, ән.

-Сендер музыка тыңдағанды ұнатасыңдар ма?

-Ия, ұнатамыз.

-Ендеше ұнтаспаның көмегімен керемет күй тыңдайық.

Балалар ғажайып тақтаға назар аударады.

Экраннан табиғаттың, жайлаудың көріністері көрсетіледі.

Үнтаспада «Нар идірген» халық күйі ойналады.

Жетекші балаларға күйдің қалай шыққанын әңгімелеп береді.

Ертеде ата мен әже өмір сүріпті. Олардың түйесі ботасымен болыпты. Бір күні ботасы жоғалып кетіпті. Әже түйенің сүтін сауып алайын десе, түйесі бермеді. Сонда атасы: -Түйеге не істесек сүтін берер екен деп қолына домбырасын алып шерте бастайды.

Халық күйі «Нар идірген» осылай шығып халықтан халыққа тарапты.

Жетекші балаларды ән айтуға шақырады.

Алдымен дауыстарына жаттығу жасап алады.

Дауыс жаттығулары: «Ән саламыз»

«Әдемі ән» Т.Сарыбаева

Ән айту: «Балдырғандар әні» әні: Б.Дәлденбай

Балалар әнді көңілді, әуенімен орындауға тырысады.

Қонаққа әдемі қоржынын алып әже келеді.

Әже: Білім мен тәрбиенің бастауы балабақшада демекші, мен сендерге құр қол келгенім жоқ. Ұлттық дәстүрімізді насихаттау үшін мына оюлы қоржыныммен қазақтың ұлттық аспаптарын ала келдім.

Жетекші қоржын ішіндегі аспаптарды шығарып таныстырады.

Домбыра-қазақ халқының ұлттық аспабы. Ішекті аспаптар қатарына жатады.

Сылдырмақ-ұру, сілку арқылы ойналатын аспап. Ағашқа түрлі сылдырмақтарды ілу арқылы жасалады.

Даңғыра – қазақтың көне ұрмалы аспабы. Бұл бір жағы терімен қапталған, ішкі жағынан темір алқалар сақиналар мен сылдырмақтар ілінген дөңгелек шығыршық.

Асатаяқ- қазақ халқының ежелгі музыкалық аспабы. Оларды ырғақпен сілкіп ойнайды.

Сазсырнай-көнеден жеткен үрлемелі музыкалық аспап. Көлемі жұдырықтай. Саз топырақты суға езіп. Балшықтан жұп –жұмыр аспаптың формасын жасап, оны оттың алауына ыстап, күйдіріп алады.

Тұяқтас-қазақ тұрмыс салтында ежелден бар музыкалық аспап. Жаңа сойылған жылқының тұяғын кесіп алып, суға қайнатады, оны әбден тазартып, күнге кептіреді.

Музыка жетекші:-Балалар сендер аспапта ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Ендеше әжеміз алып келген аспаптарда ойнап көрейік.

Балалар оркестр құрып аспаптарда ырғақпен ойнайды



Әженің құрметіне балалар «Пиала» биін билеп береді.

Қорытынды:

-Бізге қонаққа кім келді?

-Қандай аспаптармен таныстық?

-Қандай ән үйрендік?-деген сұрақтар қойып, балалардың үйренген іс-әрекеттерін есте сақтауға ықпал етеді

№7

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы:Әуенді сандықша

Мақсаты:Әннің сипатын қабылдау.Әуенге сәйкес би жанрларын ажырата білуге баулу.Аспаптарда ырғақты сезіне ойнау.

Көрнекіліктер: сандықша,ойынға керекті заттар, балалар аспаптары.

Күтілетін нәтиже:Түрлі сипаттағы әндерді орындауды, фраза арасында тыныс алуды, би жанрларын ажыратуды біледі.

I Ұйымдастыру кезеңі:

Вальс ырғағымен балаларға би қимылдарын жасауды ұсынады. Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, қол ұстасып баяу тербетілу, айналу, орын ауыстыру қимылдарын жасайды.

Ал, кәнекей тұрайық

Шеңберді біз құрайық

Балалар шеңбер бойына тұрып бір-біріне жақсы тілектер айтып, көңіл-күйлерін көтеріп, шаттанады.

Жетекші балаларға әуенді сандықшаны көрсетеді.

Балалар сандықшаны көріп қызығушылықтары артады.

Жетекші сандықшаны ашқанда әсем әуен естіледі.

Жетекші сандықшаға құлағын тосып тыңдайды.

Балалар сиқырлы сандықша сендерге «Әуенді тыңдап ажырат» деген тапсырма берді. Әуенді тыңдап, сипатын ажыратайық.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Әуеннің ырғағын ажырат»

1. «Вальс» музыкасын жазған С. Майкапар

2. «Балдырғандар маршы» музыкасын жазған К. Қуатбаев

3. «Қосалқа» Дәулеткерейдің күйі

Жетекші әуенді сандықшаны алып келесі тапсырманы орындауға шақырады.

Мен өнерлі баламын,

Шырқап әнге саламын.

Ән айту: «До-ре-ми» әні: Ө. Байділдаев

Балалар көңілді және көңілсіз әндерді ажыратуға тырысады. Жетекші көңілді әндерді мажорлы, көңілсіз әндерді минорлы деп айтып, түсінік береді.

Балалар әнді әуеніне ілесе, көңілді айтуға үйренеді.

Музыка жетекші: -Балалар әуенді сандықша бізді көңілді ойынға шақырады.

Ойын: «Музыкалық үй»

Ойынның мақсаты: Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.

Көрнекіліктер: Төрт ашпалы терезелердің ішінде музыканың түрлері бейнеленген суреттер.

Ойынның шарты:Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек.Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты ән,би, марш, күй суреттері бар.Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап,арнайы терезені ашса сол бала жеңімпаз болады.

III.Қорытынды:Жетекші музыка іс -әрекетін қорытындылап балаларға сұрақтар қояды.

-Сендерге әуенді сандықша қандай тапсырмалар берді?

- Қандай ән үйрендіңдер?

-Қандай ойын ойнадыңдар?

Балалар жетекші қойған сұрақтарға жауап береді.

Белсенділік көрсеткен балаларды мақтап, мадақтау.

№8

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы:Кел билейік

Мақсаты:Баланың музыкалық қабілеттерін жетілдіру.Ән айтуға дағдыландырып, әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.

Көрнекіліктер:бишілердің суреттері, музыкалық аспаптар.

Күтілетін нәтиже:

Әуенге ілесе отырып, ырғақпен қимылдар жасауды меңгерді.

Ұйымдастырылған іс- әрекеттің барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар марш музыкасына ілесіп, аяқты ырғақпен баса отырып саз бөлмесін шеңбер жасап, айнала келіп тұрады.

Балалар «Шаттық шеңберіне» тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, сәлемдесіп алады.

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн келді.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!



II Негізгі бөлім:

Қамзол кидім қынай бел,

Толған ою-өрнекке.

«Билесін» деп сұрайды ел

Өнерімді көрмекке.

О.Асқар

Музыка жетекшісі балаларға би өнері жайлы түсінік береді.

Музыка жетекшісі: Биді кім билейді?

Балалар: Биші.

Музыка жетекшісі: Біз түрлі мерекелік сауық кештерден, концерттерден бишілерді көріп жүрміз. Сәнді киім киіп, түрлі биді билейтін адамдарды биші деп атайды.

Қазақтың атақты бишілері Шара Жиенқұлова, Шұғыла Сапарғалиқызымен таныстырып, билерінен үзінді бейнеролик көрсетеді.

Балалар би және биші туралы білгендерін айтады.

Музыка тыңдау: «Би күйі» Тастанов

Күйді тыңдай отырып, қандай би билеуге болатынын көз алдарыңа елестеттіңдер ме?

Қазақтың ұлттық би элементтерін қолданып би билеуге болады.

Ән үйрену: «Кел, билейік»

Әні: Б.Байқадамов

-Бүгінгі үйренетін әніміз де биге байланысты. Бұл әнде баланың билемей отырған досын биге шақыратыны жайлы айтылады. Өнерпаз бала өнерін ата-анасы көріп, риза болуын қалайды.

Балалар әннің мәтінін үйреніп, әуенді қосылып айтады. Әннің ырғағына сай қимылдар жасайды.

Қайырмасында аяқты өкшеге, аяқ ұшына қойып 3 рет топылдатады. Екінші шумағында бір-біріне қарап, қолдарын шапалақтайды. 3-4 қатарында бірге дөңгелене айналады. Әнді қосылып бірге айтады.

Әуенді- ырғақтық қимыл: «Торсық» биін қыздарға үйрету. Қыздар қолдарына торсықты алып әуенге сай қимылдар көрсетеді.

«Көкпар» биін ұлдарға үйретіледі. Ұлдар қолдарына қамшы ұстап билейді.

Балалар би қимылдарын музыка жетекшінің көмегімен үйренеді.

Қорытынды бөлім: Балаларға өтілген тақырып, музыка іс- әрекеті жайында сұрақтар қояды. Музыка іс әрекеті қай бөлімі ұнағанын сұрайды Белсенділік көрсеткен балаларды мақтап, мадақтау.

№9

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы: Музыка әлеміне саяхат

Мақсаты: Балалардың музыкаға қызығушылығын дамыту. Әуенді тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамыту.

Көрнекіліктер: Тақырыпқа керекті суреттер. Музыкалық аспаптар, ноталар.

Күтілетін нәтиже:

Балалар әуенді тыңдап көңіл-күйін ажырата біледі. Музыкалық аспаптарды тани біледі.

I Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар көңілді әуен ырғағымен саз бөлмесіне кіріп, қимыл қозғалыстар жасап келіп шеңбер бойына тұрады.

«Шаттық шеңберін» жасап бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

II Негізгі бөлім:

Музыка жетекшісі: Балалар сендер музыка әлеміне саяхатқа барғыларың келе ме?

Балалар қуана келіседі.

Музыка жетекшісі: Ендеше біз саз әлемінде болу үшін өзіміз музыкалық яғни ноталар боламыз

Бәрі нота атрибуттарын киеді.

Музыка жетекшісі: Ендеше ноталардың алдында не тұруы керек?

Балалар: Скрипка кілті.

Музыка жетекшісі: Міне скрипка кілті де өз орнына тұрды.

Осы кезде пошташы келіп хат береді.

Музыка жетекшісі: хатты ашып оқиды:

«Сәлеметсіздер ме балалар! Мен музыка әлемінің Ханшайымымын. Менің әлеміме жету үшін сендерге 3 аялдамада 3 түрлі тапсырмаларым бар. Тапсырмаларды дұрыс орындасандар Музыка әлемінде боласындар.» Балалар «До- ре- ми» көңілді әнін айтып 1 аялдамаға келеді.

1. «Көңілді би» аялдамасы

Жетекші балаларға қандай тапсырма орындайтындарын айтып түсіндіреді.

Әуенді тыңдап, қандай би түрі екенін ажыратып, карточка арқылы көрсету («камажай», «полька», «вальс»)

Музыка жетекшісі: Жарайсындар балалар. Кәне келесі аялдамаға әсем әнімізді айтып көңілдене барайық.

Ән: « До- ре- ми» әні:Ө.Байділдаев

2. «Әуенді аспаптар» аялдамасы.

Тапсырма : «Аспаптарда ойнап беру және аспаптарды құрастыру»

Музыка жетекшісі: Кәне балалар аспаптарда ойнап оркестр құрайық.

Оркестрде «Кеңес» халық күйін орындайды.

Музыка жетекшісі: Жарайсындар балалар кәне келесі аялдамаға әсем әнімізді айтып көңілдене барайық.

3. «Көңілді ноталар» аялдамасы

Тапсырма: Ноталарды нота сатысында өз орындарына қойып, жеті дыбысты әуенмен орындап беріңдер.

Балалар тапсырманы орындайды.

Музыка жетекшісі: Балалар біз 3 аялдамадан өттік. Тапсырмаларды да орындадық.

Балаларды Музыка әлемінің ханшайымы күтіп алады.

Музыка ханшайымы:Балалар сендер барлық тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар.Болашақта үлкен өнер иесі болуларыңа тілектеспін.

Музыка жетекшісі:Балалар бүгін сендер музыкалық қабілеттеріңді көрсете білдіңдер. «Тіл жеткізбегенді үн жеткізеді»-дейді.Музыканың құдіреті де осында жатыр.Абай атамыздың осы орайда мына өлең шумақтары ойымызға оралады:

Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы әнмен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй.

Музыка ханшайымы: Балалар бүгін мен сендерге домбыра аспабын сыйға беремін.Болашақта атақты күйші болыңдар.

№10

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы: Күйші Қорқыт

Мақсаты: Балаларды ұлттық музыкаға баулу. Күйші Қорқыттың шығармашылығымен таныстыру

Көрнекіліктер: Қорқыт күйшінің суреті, қобыз аспабы

Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының музыкасын қабылдай біледі. Ән айту дағдыларын меңгереді.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар саз бөлмесіне күй әуенімен кіреді. Әуенге сай қазақтың ұлттық би элементтерінен қимылдар жасайды.

«Шаттық шеңберін» жасап бір біріне жылы лебіздер айтып шаттық сезім сыйлайды.

Музыка жетекшісі балаларды Қорқыт күйшінің өмірі мен шығармашылығымен таныстырады



Ерте заманнан бері ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл мұраның бірі, аты аңызға айналған Қорқыт баба және оның күйлері қазақ музыка өнерінен үлкен орын алады. Қорқыт дүниеге келерде күн күркіреп, найзағай ойнап қатты дауыл тұрады. Жер дүниені қараңғы түнек басып, жұрттың үрейін ұшыртады. Бала анасынан туа сала сөйлей бастайды. Бұл ерекше болып өмірге келуі арқылы бәрімізді қорқытты ғой деп атын Қорқыт деп қояды.

Қорқыт өте сезімтал, өнерлі бала болып өседі. Ол көптеген күйлер шығарады. Ол халқының, елінің мұң-мұқтажын өзінің күйлеріне арқау етіп күймен бере біледі.

Балаларға «Қорқыт туралы аңыз» бейнебаяны көрсетіледі

Музыка тыңдау:

Жетекші балаларға қобыз аспабында Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» күйін тыңдатады.

Балалар тыңдалған күйдің көңіл күйін сезінеді.

Дауыс жаттығуы: «Қосалқа»күйінің «ля» буынында орындау. Ауызды кеңірек ашып, еркін тыныс алуға үйрету. Дыбыстарды таза айтуға дағдыландыру.

Ән айту: «Балдырғандар әні» музыкасы:Б. Дәлденбай

Жетекші балаларды әнді ырғақпен,бір –бірін тыңдап орындай білуге үйретеді.

Әуенді-ырғақтық қимылдар: «Асатаяқ» биі

Балалар би қимылдарын көркем,әсем қимылмен көрсете біледі.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Ырғақты қайтала»

Ойынның мақсаты:Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.

Ойынның шарты:Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады.Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды.Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.

Қорытынды бөлім: Балаларға өтілген музыка іс-әрекеті жайында сұрақтар қояды.

Балалар сұрақтарға жауап береді.Жетекші балалардың музыка іс- әрекетіне белсене қатысқандарын айтып, мақтап, мадақтайды.

№11

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы:Айтыс өнері

Мақсаты:Балаларға айтыс өнері жайында түсінік беру.Айтыс түрлерімен таныстыру.Өнерге баланың қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктер:Интерактивті тақта, домбыра аспабы, тақырыпқа байланысты суреттер.

Күтілетін нәтиже:Балалар айтыс өнері жайлы түсінік алды.Айтыс жанрын ажырата біледі..

I Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар саз бөлмесіне күй әуенімен кіріп, ұлттық би қимылдарын жасап жүріп келіп орындарына отырады.

Музыка жетекші: - Балалар бүгін біз сендермен қазақтың айтыс өнерімен таныс боламыз.

Айтыс өнері- қазақ өнерінің аса құнды салаларының бірі. Айтыс атауы-айтысу деген сөзден шыққан. Ол өлең сөзбен жарысу, сайысу, дауласу, тартысу, сынасу мағынасында қолданылады. Айтысу қара сөзбен де, күй тарту арқылы да суырып салма өлеңмен де болуы мүмкін.

-Кәне балалар енді қазақтың белгілі айтыскерлері Бекарыс Шойбеков пен Айнұр Тұрсынбаеваның айтысынан үзінді тамашалайық.

Балалар теледидардан айтысты тамашалайды.

Музыка жетекшісі балаларды айтыс өнеріне қызықтырып айтысуға шақырады.

«Қыз бен жігіт» айтысы

Балалар қыз бен жігіт болып екіге бөлініп айтысады.

Ойын: «Ән салған кім?»

Ойынның мақсаты: Ән салған баланы даусынан тану қабілетін байқау, есту қабілетін дамыту.

Шарты: Бір бала шымылдың артында тұрады, ал екінші бала ән орындайды. Шымылдың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып, есімін атап беруі керек.

Әуенді - ырғақтық қимылдар: «Батырлар» биінің қимылдарын үйрету

Балалар би қимылдарын ырғаққа сай көрсете біледі. Қолдарына қалқан ұстап, өздерін батырларша сезініп, қимыл жасайды.

Балалар аспаптарында ойнау: Дауылпаз аспабымен таныстырып, балаларға аспапта ойнау әдісін үйретеді.

III Қорытынды: Жетекші өтілген музыка іс- әрекеті жайлы балаларға сұрақтар қойып қорытындылайды.

№12

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы: Күй атасы- Құрманғазы

Мақсаты: Балаларды күй өнеріне қызықтыру. Күйші Құрманғазының өмірі және шығармашылығымен таныстыру.

Көрнекіліктер:Құрманғазы күйшінің суреті, домбыра аспабы.

Әдіс –тәсілдер:әңгімелеу,сұрақ-жауап,түсіндіру

Күтілетін нәтиже:Құрманғазы күйшіні танып, күйлерін тыңдап, қызығушылық танытады.

I Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар саз бөлмесіне Құрманғазының «Адай» күйімен кіріп батырларша атпен шауып келе жатқан қимылды жасап келіп орындарына отырады.

Балалар жетекшімен «Сәлемдесу» жаттығуын орындайды.

Күй –халық музыкасы. Күйді күйші шығарады.Күй өнері туралы түсінік беріледі.Күйді музыкалық аспаптарда ойнайды.

Музыка жетекшісі күйші Құрманғазы туралы әңгімелеп, өмірі мен шығармаларымен таныстырады.(суретін көрсету)



Қазақтың атақты күйшісі Құрманғазы Сағырбайұлы жастайынан ән- күйге әуес болып өседі.Тұрмыстың ауырлығына байланысты алты жасынан бастап байдың қозысын бақты.Қолдан жасалған домбырасын үнемі тастамай алып жүрген Құрманғазы қойшылығымен тамағын асыраса, домбырасы оның рухани азығы болды.Далада жүріп табиғатпен тілдесті.Осылайша көптеген күйлер шығарып,халқына өшпес мұра қалдырды

Музыка тыңдау:Құрманғазының «Балбырауын» күйін тыңдатады.

Балалар күйді мұқият, көңіл қойып тыңдап ойнау мәнерін, мазмұнын түсініп, көңіл- күйін ажыратады.

Дауыс жаттығуы: «Сарыарқа»

«Сарыарқа» күйінің негізгі әуенін «до» буында орындау.Ерін жиырылып, ауыз дөңгелене ашылады.Таңдай жоғары көтеріліп, шықшыт сәл төмен түседі.Орындағанда ырғағына ерекше мән беру керек.

Ән айту: «Қасиетті домбыра» әні: Б.Бейсенованікі

Жетекші ән авторларымен таныстырып, суретін көрсетеді.

Балалар әнді тыңдап, мазмұнын түсінуге тырысады. Әннің сөздерін анық, әуеніне қосыла ырғақпен орындайды.

Әуенді –ырғақтық қимылдар:

Би: «Шабандоздар» Ұлдарға бидің бірнеше элементтері үйретіледі.

(«Билеп үйренейік» жинағынан)

Қыздарға «Аққу» биінің қимылдарын нәзік, әсем көрсетуді ұсынады.

Музыкалық дидактикалық ойын:

«Тайтұяқ пен асатаяқ» тембрді айыру ойыны

Құлақ тосып тұр тыңдап,

Дыбыс шықса сыртылдап.

Ойнап тұрған қолдағы,

Тайтұяқтың болғаны:

Сырт-сырт- сырт!

Сырт-сырт-сырт!



Әсем ырғақ толқыны,

Еске салса шолпыны.

.Ойнап тұрған қолдағы,

Асатаяқ болғаны.

Зың-зың-зың!

Зың-зың-зың!

Ойынның шарты: Балалар шеңбер бойымен бірінің артынан бірі тұрып, әннің бірінші шумағын айта жүріп, оңға қарай қозғалады. Ортада тұрған жүргізуші «Сырт-сырт –сырт» сөздеріне қосыла тайтұяқта ойнайды.

Әннің екінші шумағында балалар солға қарай жүреді де, «Зың-зың –зың» сөздері айтылғанда жүргізуші асатаяқта ойнайды. Соңғы такт ойналғанда балалар сырт айналып тұрады. Жүргізуші мәтін бойынша аспаптардың бірінде ойнайды да, бір баладан қандай аспап екенін сұрайды. Оны дәл тапқан бала ортаға шығып жүргізуші болады.

Аспапта ойнау: Халық күйі «Келіншек»

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен ойнап көрсетеді.

Қорытынды:

-Құрманғазы Сағырбайұлы кім болған?

- Күйшінің қандай күйін тыңдадыңдар?

-Қандай ән үйрендік?

-Ойынымыздың аты қалай аталады?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

№13

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы: «Әнші болам өскенде»

Мақсаты: Баланың ән айту қабілетін дамыту. Әнді сезіммен, ырғаққа сәйкес, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып орындау.

Көрнекіліктер: АКТ, атақты әншілердің суреттері, музыкалық аспаптар.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Күтілетін нәтиже: Эмоционалды түрде ән айтуды біледі. Әннің шумағы мен қайырмасын ажырата біледі.

Шаттық шеңбері:

Біз көңілді баламыз,
Өнер қуған дарамыз.
Ән де салып әдемі,
Би де билеп аламыз.

Музыкалық-ырғақтық қимыл: «Келші, құрбым билейік»

Ән сөздеріне және ырғағына сәйкес, жұптаса би қимылдарын орындау.
Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларын қадағалау.

Музыка тыңдау:

Ой қозғау: Музыка жетекшісі балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды.

Музыка жетекшісі балаларды еліміздің атын шығарған атақты әншілермен таныстырады.

«Туған ел» әні Р. Рымбаеваның орындауында

Дауыс жаттығуы: «Музыкалық баспалдақ»



Жаттығуды бір үнділікпен орындап, әуенін дұрыс айтуларына мән беріледі.

Ән: «Көңілді ән» әні: Б. Ғизатов

Әнді әуенімен үйрету. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттығады.

Музыкалық дидактикалық ойын: «Сағат»

Ойынның мақсаты:Әуенді әуенінен танып білуге үйрету. Есту сезімін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:Сағат тілі ортасында орналасқан, шеңбер бойымен әннің мазмұнына сай суреттері бар карточка.

Ойынның шарты:Әнді әуенінен дұрыс тапқан бала,сағат тілін арнайы әннің мазмұнына сай суретке апарып қояды.

Әуенді- ырғақтық қимыл: «Айгөйлек» биі

Бидегі ырғақты қимылдарды балалар әсем жүріспен көркемдеп көрсете біледі.Жетекшіге қарап қимылдарды өзгерте біледі.

Аспапта ойнау: «Еркем-ай» халық әні

Өңдеген Б.Дәлденбай

Ксилофон, металлофон, үшбұрыш, қоңырау балалар аспаптарында ырғақпен ойнау.

Қорытынды:Музыка жетекшісі өтілген іс- әрекетті қорытындылап балалармен сұрақ-жауап жүргізеді.Балалар қойылған сұрақтарға дұрыс жауап береді.

№14

Музыка ұйымдастырылған іс- әрекеті

Тақырыбы:Күй анасы – Дина

Мақсаты:Баланың күйшілік өнерге қызығушылығын арттыру.Күйші Динаның өмірі мен шығармаларын таныстыру.

Көрнекіліктер:Күйші Динаның портреті, домбыра аспабы.Таратпа материалдар.

Әдіс-тәсілі:әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ- жауап.

Күтілетін нәтиже:Балалар күйді тыңдап , көңіл- күйін сезініп мән бере тыңдады.Аспаптарда ырғақпен ойнауды жалғастырды.

I Ұйымдастыру кезеңі

Балалар саз бөлмесіне Динаның «Тойбастар» күйімен кіріп, жұптасып күй әуеніне сай би қимылдарын жасайды.Шаттана, көңілденіп жетекшімен «Сәлемдесу» жаттығуын орындайды.

Жетекші балаларды күйші Дина апаның ауылына қонаққа баруға шақырады.

Балалар қуана келіседі.

Музыка жетекші:- Балалар барар жерімізге тезірек жетуіміз үшін көңілді ән айтып барайық.

Ән: «Жолдар жыры»

Дина апа балаларды қуана қарсы алады.

Балалар Дина күйшінің күйшілік өнері жайлы әңгімесін қызыға да мұқият тыңдайды.



Дина күйші тоғыз жасынан бастап атақты күйшілердің күйін тартқан. Атақты күйші Құрманғазы Сағырбаев Динаны әдейі іздеп келіп, батасын береді. Құрманғазы Динаға домбырасын сыйлап, күйлерін кейінгі ұрпаққа жеткізуге аманат етеді.

Дина апа балаларға өзінің «Әсемқоңыр» күйін тартып береді.

Балалар күйдің мазмұнын сезініп, көз алдарына елестете отырып мұқият тыңдайды. Күйшілік өнерге қызығушылығы артады.

Балалар да өз өнерлерін көрсетіп Дина апаға көңілді ән айтып береді.

Ән айту: «Туған жер» әні музыкасы: Б.Бейсенова

Балалар қонақ кәде жасап керемет «Торсық» биін билеп береді.

Дина апа балаларды ойын ойнауға шақырады

Музыкалық дидактикалық ойын: «Ырғақты қайтала»

Ойынның мақсаты: Есту қабілетін, ынтасын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар

Ойынның шарты: Ырғақты ойын бастаушы шапалақпен немесе аспаппен соғады. Бала сол ырғақты қайталауы керек. Ырғақ әр түрлі болуы мүмкін.

Аспапта ойнау:

Дина күйші өзінің сиқырлы қоржынынан әр түрлі балалар музыкалық аспаптарын балаларға таратып беріп, өзі домбырасын тартып оркестр құрады.

Балалар аспаптарда ырғақты сезініп ойнап көрсетеді.

Балалар Дина апаға рахметін айтып, ризашылықтарын білдіріп қоштасып топтарына қайтады.

Қорытынды:

-Балалар біз қайда бардық?

-Дина күйші бізге қандай күй тартып берді?

-Сендер қандай би билеп бердіңдер?

-Қандай ойын ойнадыңдар?

Балалар сұрақтарға дұрыс жауап береді.

№15

Ұйымдастырылған музыка іс-әрекеті

Тақырыбы: Өнердегі мамандық иелері

Мақсаты: Балаларды өнердегі мамандық иелерімен таныстырып, олардың жан-жақты музыкалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Музыканы қабылдауға, ән салуға, аспаптарды үнінен ажыратуға үйрету.

Көрнекіліктер: Өнер мамандарының суреті. Музыкалық аспаптар,

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Күтілетін нәтиже: Өнер мамандарын танып, біледі. Ән, биді шаттана орындай біледі.

Балалар саз бөлмесіне қолдарына гүлдер ұстап «Гүлдер» биінің қимылдарын жасап келіп шеңберге тұрады. Балалар бір –біріне гүл беріп, жақсы тілек айтып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Балалар: Қайырлы күн досым!

Қайырлы күн болсын!

Бүгінгі күн, міне

Қуанышқа толсын!

Музыка жетекшісі:-Кәне балалар орнымызға жайғасайық.Сендер айтындаршы қандай мамандықтың түрлерін білесіңдер.

Балалардың жауабы тыңдалады.

Музыка жетекшісі:Ал, балалар сендер болашақта кім болғыларың келеді?

Балалар:

Ақ халатты киемін,

Аппақ болып жүремін.

Дәрігермін мен деймін,

Кәрі әжемді емдеймін.

Көкке ұшамын,

Ұшқыш болар баламын.

Соңына ерем,

Ер Тоқтардай ағаның.

Оқу білім ордасы

Ұстаз-оның арнасы.

Ұстаздық деген ұлы- іс

Адамдықтың айнасы.

Мен мұғалім боламын.

Мен өнерпаз баламын,

Шырқап әнге саламын.

Өскенімде ертең-ақ

Әнші, биші боламын.

Музыка жетекшісі:Балалар, осы мамандықтардың бәрі біздің өмірімізге қажет.Әр мамандықтың өз орны бар.Ал , біз бүгінгі музыка іс-әрекетімізде өнердегі мамандық иелерімен танысамыз.

Балаларға ғажайып тақтадан әншінің суреті көрсетіледі.

Музыка жетекшісі:Балалар мына суретте қандай өнердегі маман иесін көріп тұрсыңдар?

Балалар: Әнші.

Музыка жетекшісі:Әнші не айтады?

Балалар:Сахнада ән айтады.

Қонаққа әнші қыз Айзере келеді.

Айзере балаларға өзінің өнерін көрсетіп «Туған жер» әнін айтып береді.

Музыка жетекшісі:Өнерің өрге жүзсін Айзере .Болашақта Роза апаң сияқты елге танымал әнші бол!Ал Айзере ән айту үшін нені білу керек?

Айзере:Ән айту ережесін білу керек.Ән айтқанда түзу отырып, денені тік ұстау керек.Әннің әуенін бұзбай, ырғақпен орындай білу керек.

Музыка жетекшісі:Біздің балалар өзіңмен ән айтқысы келеді.

Айзере: Алдымен даусымызға жаттығу жасап алайық.

Дауыс жаттығуларын жасайды.

1. «Ән саламыз» Т.Сарыбаева

2. «Қоңырау» А.Асылбеков

Дауыс жаттығуынан кейін

Дауысымыз ашылды,

Бұлбұлдай сайраймыз.

Көңілді ән айтып,

Жадырап жайнаймыз.

Ән: «Біз бақытты баламыз»Р.Тышқанбаев

Музыка жетекшісі:Рахмет әнші қыз, біздің балаларды әншілік өнерге баулып қызықтыра білгеніңе.

Келесі балаларға күйшінің суреті көрсетіледі.

Музыка жетекшісі:Балалар мына суретте өнердегі қай маман иесін көріп тұрсыңдар?

Балалар:Күйші

Музыка жетекшісі:Дұрыс айтасыңдар.Балалар музыкалық аспаптарда ойнайтын адамдарды бір сөзбен қалай атайды.

Балалар:Аспапта орындаушы-музыкант

Музыка жетекшісі:Ал кәне балалар онда біз сендермен музыкалық аспаптар дүкеніне барайық

Мұнда балаларды дүкеннің сатушысы күтіп алады.

Жетекші:Біздің балалар аспаптарда ойнап көрсе бола ма?

Дүкенші: Алдымен сендер аспаптарды тани білесіңдер ме? Мен сендерге жұмбақ жасырып байқап көрейін білетіндеріңді.

Балаларға аспаптар туралы жұмбақ жасырады:

Музыкалық дидактикалық ойын: «Аспапты ажырат»

Музыка жетекшісі:Балалар сендер тапсырманы дұрыс орындадыңдар.

Ал енді мына суретке қараңдаршы нені көріп тұрсыңдар?

Балалар:Оркестрді.

Музыка жетекшісі:Дұрыс бірнеше аспап қосылып ойналса, ол оркестр деп аталады.Ал оркестрді кім басқарады?

Балалар:Дирижер

Музыка жетекшісі:Балалар кәне бізде аспаптарда ойнап оркестр құрайық.

Оркестр:халық күйі «Келіншек»

Музыка жетекшісі:Ал балалар мына суретке назар аударыңдаршы,қандай маман иелерін көріп тұрсыңдар?

Балалар:Биші

Музыка жетекшісі:Биші не істейді?

Балалар:Биші би билейді.

Музыка жетекшісі:Балалар бимен әуестенген де өте дұрыс.Би денені ширақ етеді.Әрі дене бітімге сұлулық, әдемілік береді.Биші болу үшін әуенмен қимылды дұрыс үйлестіре білу керек.

Балалар би қимылдарын көрсете отырып, «Биші болам өскенде» әнін орындайды.

Қорытынды:

- Бүгінгі музыкалық іс- әрекетіміз несімен қызықты болды?

-Өнерге байланысты қандай мамандық иелерімен таныстық?

-Болашақта осы маман иелерін қалайсыңдар ма?

Осы сұрақтарға балалардың жауабы тыңдалады.

Белсенділік көрсеткен балаларды мақтап мадақтау.

№16

Ұйымдастырылған музыка іс- әрекеті

Тақырыбы:Ән-көңілдің ажары.

Мақсаты:Балалардың өнерге деген ынтасын арттыру.Қазақ халқының ән-би, күйлерін бойларына сіңіру.Әншілік өнерге баулу.

Көрнекіліктер: АКТ, музыка аспаптары,үнтаспа,

Күтілетін нәтиже:балалар әнді ырғақпен орындай біледі. Ән айтуға деген құштарлығы артады.

Балалар саз бөлмесіне марш екпінімен сарбаздарша жүріп келіп орындарына отырады.Жетекшімен сәлемдеседі.

Музыка жетекшісі:-Балалар мен сендердің ән айту қабілеттеріңді байқағым келіп отыр.Олай болса мен сендерді ән орындаудан сайысқа шақырамын.

Балалар екі топқа бөлініп ән айтудан жарысады.

I айналымның ережесі:

Тақтада бес тақырып берілген суреттерімен, әр қайсысында тақырыпқа байланысты білетін бір әннен жасырылған. Балалар тақырып таңдап білетін әндерін өз топтарымен орындап шығу керек.

II айналымның ережесі: «Әнді жалғастыр»

Әр топтан бір баладан шығып жетекші ұсынған әнді орындайды, екінші топтың баласы жалғастырады.

III айналымның ережесі: «Ырғақты қайтала»

Әр топтың баласы жетекші көрсеткен ырғақты қайталауы керек.Қай топтың баласы дұрыс қайталаса,сол топтың ұпай саны артады.

Жеңіске жеткен топ марапатқа ие болады.

Балалар көңілдене бойларын жазып би қимылдарын жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Асылбек. «Ойын ойнап, ән салмай» «Олжас» 2012ж.
2. Балабақшадағы мерекелер. «Просвещение - Казакстан»
3. Бөбектерге ән базарлық. «Просвещение - Казакстан» 2009ж.
4. Қуыршақ. Қ. Қайым. Алматы. 2003ж.